

## ЖАСТАРДЫ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

*Абрахманов З.А., Қабдолла Е., Абикаримов П.З.,*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Қазіргі таңда қоғам арасында өзіндік пікір жоғалып бара жатқандай. Бұған дәлел ел арасында болып жатқан түсінбеушіліктер мен кикілжіндер, жастар арасындағы білімсіздіктен туындаған қарама-қайшылықтар десек артық айтпағанымыз. Күні кеше тәуелсіз ел атанған қазақ халқы, бүгінгі күні дүние жүзіне танымал мемлекет. Шекарамыз заңдық тұрғыдан рәсімделіп, елдегі өндірістік байланыстар орнықтырылып, нығайтылды. Зәулім үйлер салынып, қалалар бой көтерді. Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымына, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына және Ұжымдық Қауіпсіздік Ұйымына төраға болды. Туған еліміз Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді. ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру міндеттелді. Биылғы тағы бір үлкен қуаныш – ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі Қазақстанда өткізіледі /1/. Бұл жетістіктер ел болып жеткен қуаныш, себебі қанша ғасыр өтсе де ұмытылмайтын оқиғалар тарих беттерінде қалса да, есімдері өлмейтін жерім, елім деген ата-бабалырымыздың арманы осы еді. Ендігі мақсат осы елдің білімді де білікті азаматы болу үшін, қазақ тілін дамытып, қате пікірлерге жол бермей, сыни тұрғыдан ойлауға өзімізді дайындау. Қазақ елінің Ұлы ақыны Абай атамыздың мына сөзі көп сөздің тобықтай түйінін жеткізіп тұрғандай: «Сократты кімдер улап өлтірді? Жаннад'Аркті кімдер өртеді? Иса (а.с.) кімдер жазалады? Түйенің ішек-қарынын Мұхаммедтің (с.а.с.) басына кімдер төкті? Тобыр. Демек тобырда сана жоқ. Оларды ақиқаттың жолына бағыттай біл» /2/. Иә, қазіргі таңда бізге дұрыс жол бағыттайтын, өзіндік пікірін ашық айта алатын қоғам ұсақталып бара жатқандай. Ақшаға құныққан кейбір адамдардың жалған сөздері газет бетіне шығып, теледидардан хабарланса болғаны, қоғам соған сенеді. Себебі оның шындығын іздеуге, ойлануға қоғамның уақыты жоқ. Елбасымыздың «2050» даму стратегиясы халық арасында көптеген сыни тұрғыдағы пікірлердің басты тақырыбына айналғандай. Осы мәселеде қазір «Қазақстан» мәңгі «Қазақ елі» атауын өзгертуге байланысты көптеген сыни тұрғыдан пікірлер айтылып жатыр. Жай қарапайым интернет желісінде айтылып жатқан сыни тұрғыдағы жастарымыздың пікірлерінен мысал келтіретін болсақ: «Елбасымыздың алдағы уақытта «Қазақстан», «Қазақ елі» мемлекеті атанады деген сындарлы сөздері жүрегімізді тулаттты», «Біздің ең басты мақсатымыз - 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру. Бізде ол үшін мүмкіншілік те, ресурс та, білімді адамдар да, берекелі ұлт та бар», «Маған «Қазақстан» атауы қала бергені дұрыс сияқты, себебі бұл өзгеріске қаражат көп кетеді, одан да сол қаражатты қаланы дамытуға жұмсаған дұрыс сияқты», «Қазақстан» атауы айтуға оңай, әдемі айтылады, «Қазақ елі» атауы қарабайыр сияқты» /3/ т.б. Бұл пікірлер арқылы оқырман әр-түрлі ой түйіні мүмкін. Мысалға өзіндік пікірі жоқ, сыни тұрғыдан ойланғысы келмейтін адам «келісемін, дұрыс айтады» деуі мүмкін. Ал осы пікірге сыни тұрғыдан қарайтын болсақ, ең бірінші «сыни тұрғыдан ойлаудың» мағынасын ашып алайық. **Сыни тұрғыдан ойлау** – бұл саналы мағынаны іздеу, өзінің көзқарасын білдіре отырып, басқалардың да пікірін ескеру, біржақты ойламай, жан –жақты дәлелдерге сүйену. Жаңа идеялар ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде батыл бола білу. **Сыни тұрғыдан ойлай білетін адам өзіне мына сұрақтарды қоя білуі керек:** Мен не білемін?, Мен жаңаша нені білдім? Менің ойым қалай өзгерді?, Мен осы оймен не істей аламын? Осы сұрақтармен алдыңғы сұхбатқа келетін болсақ, «Мен «2050» стратегиясы туралы не білемін?», «Елбасымыздың мақсаты қандай?», «Мемлекетке «Қазақ елі» атауы қандай өзгеріс әкеледі?», «Оқу орындарында қандай іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр?» «Елбасымыздың жолдауы жастарға қандай ой салды?» т.б. сұрақтар әр адамның сыни тұрғыдан ойлауының нәтижесі болмақ.

Жақында «Fountain» журналы Нобель сыйлығының иегері Зевайлов Ахметтің сыни тұрғыдан ойлауға берген сұхбатын ұсынды. Өзінің сұхбатында Зевайлов сыни тұрғыдан ойлаудың мағынасын жан-жақты талдап, сын адам дамуының басты факторы екенін дәлел-

деген. Бұл мақалады сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не, адам бұл арқылы не ұтады, қоғамға тигізер әсері туралы айтылған. «Шындықты іздеуші – бұл өткен тарихты оқып, соған сенгендік емес, олардың айтқандарына ойланып, өзінен бұдан не алуға болатынын сұрау. Адамдардың ойларын қайталау емес, айтқандарына өз тәжірибеңнен, дәлелге сүйене отырып ой қосу. Сыни тұрғыдан ойланған адам, оқығандардың еңбектерін, өз ақылына жүгініп, жан жақты ойланып қана өз ойын білдіруші бола алады. Әр адам ойлану арқылы дамиды. Біз ойлану арқылы мәліметтерді қабылдап, ол туралы білгендіктен өз ойымызды айтамыз. Біз ой қорытындысына ғана күмәнданамыз, яғни біздің пікірімізге. Бірақ, көп жағдайда өз пікірімізден шатасатын кездер де болады, міне осы жағдайда біз сыни тұрғыдан ойлауға жүгінеміз. Яғни сыни тұрғыдан ойлауға, өзіндік пікір, нақты қойылған мақсат, талдау, баға мен ой қорытындысы, шыншылдық, дәлелденген тұжырымдамалар мен әдіснамалық нұсқаулар керек» /4/. Осы анықтамаға сүйене отырып, біз сыни тұрғыдан ойлауға қатысты келесі ережелерді ұсынамыз: Сіз біреудің берген мәліметін, естігенде немесе оқығанда бірден дұрыс деп қабылдамаңыз. Өз бетіңізбен дұрыс нұсқа іздестіріп немесе қателіктерді көрсететін анықтама тауып, оны талдаңыз. Өз тұжырымдамаңызды талдаудан өткізген соң, мына амалды ұмытпаңыз: ой қорытындысына баға бермес бұрын, оның дұрыстығына талдау жасағанындай, қателіктерге де, дәл солай талдау жасаңыз. Осы ережелерді ескеріп, алдымен ХХІ ғасырда мәліметтерді қайдан алатыныңды ойлауың керексің. Сенің теледидар көргенің дұрыс па әлде газет оқығаның дұрыс па? Егер көрген, естігенінді дұрыс деп қабылдасаң, көп жағдайда таласқа түскен сұрақтардан қашып, өз ойыңды айта алмайтын жағдайға жетуің мүмкін. Осы шынайы өмірдің өзінде жергілікті мекенге жаңалық тарататын адамдар, өз қате сенімдерінің құрбаны болып табылады. Көп жағдайда газеттер мен теледидарлар белгілі бір идеологияның құндылығын ұстанады немесе белгілі бір саясаттың позициясын қолдайды. Сонымен қатар жаңалықтардың коммерцияға айналғаны сонша тіпті жаңалық редакторлары мен журналистері көрермендер мен оқырмандарды қандай жолмен болса да жинап алуға дайын жүреді. Осыған орай, БАҚ – тан алған жаңалықты қабылдас бұрын, әр адам өзіне сұрақ қойып, біраз түсініктерді анықтап, өз ойымен күресуі керек.

Жоғарыда айтылғандардан ой түйіндей келе сыни тұрғыдан ой айту үшін, біршама білім керектігі дәлелденді. «Сен қайсына сенесің?» деген сұрақ дұрыс емес. Бұл сұрақтың орнынан «Бұл мәселе бойынша адамдар не себепті сөз қозғап жатыр?» деген сұрақ дұрыс болады. Кейде сыни тұрғыда өз ойын айтуға көп адамдар ойланғысы келмейді. Ал белгілі бір тұжырым жасау үшін сынның маңызы зор. Сыни тұрғыдан ой айтуға оқыту аз уақытта жүзеге аспайды. Мемлекеттік және беймемлекеттік оқу орындары студенттерді, сыни тұрғыдан ой айтуға дағдыландыру үшін, өз үлесімізді қосуымыз керек, бұл біздің үйрету тәсіліміз бен оқыту әдісімізге байланысты. Біздің іс-әрекетіміз қоғам үшін аса маңызды және де өздерінің сыни ойларын айта алатын адамдардың санын көтеру ел дамуының басты кепілі.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 «Аңыз адам» № 12. 7 б. 2014 ж.
- 2 «ҚМДБ. «Дін мен Дәстүр» I кітап. «Bainer print», 2013 ж.
- 3 Интернет желісі: <http://www.vkgu.kz>
- 4 // «Fountain». № 67. 2009ж.